

«Астана» бөбекжай-балалық бағдарламасының басшысының орынбасары

Менгірген

А.С.Таймас

100940015318

Менгер
A.C.Tai

Мақсаты: Балабақшамен ата-арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасындағы балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешқнм жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі-ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығын ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз.

Міндеттері: Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы. Баланы қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әкеде қыран болу керек.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Балаға толыққанды тәрбие беру оның жеке тұлға болып қалыптасуының, дамуы мен үйлесімді өсуінің алғышарты болып табылады. Қазіргі уақытта ата-аналардың білім беру бағдарламалары, баланың жас және психологиялық қерекшелігі, баланың қажеттілігі туралы нақты түсініктері жоқ және ата-аналар тәрбиелеу әдістерін сараптай алмайтындықтан отбасының тәрбиелік әлеуетін тиімді қолдана алмайды. Бұның салдары тәрбиелеу нәтижесінің төмендеуіне әкеледі. Ата-аналардың бала тәрбиесіне мән бермеуі баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етіп, жүйкелік ауытқулардың пайда болуына жол береді. Ата-аналардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы біліктілігінің аздығы бала тәрбиесіне әсер етеді. Бүгінгі күннің ата-аналары қаншалықты білімді болса да педагогика, психология, физиология және өзге білім салаларынан толық хабардар емес. Кез-келген білімі бар ата-аналарды бала тәрбиесі туралы мәселелер ойландырады. Сондықтан отбасы білім беру қызметі саласында көмекті қажет етеді. Баланы тек ата-анасы ғана емес, айналасындағы адамдар да тәрбиелеу қажет. Балаларды әлеуметтік ортадан бөліп алып тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан да балалардың белсенді әрекетіне арналған орындар болуы тиіс. Белсенді әрекетке арналған орындардың болуы баланың жан-жақты дамуына әсер етеді. Бұл мәселеде мектепке дейінгі ұйымның мамандары құзыретті. Олар

ата-анамен тікелей қарым-қатынас жасап, «кері байланыс» орната алады, баланың дамуын бақылайды. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім берудің келесідей нысандары: мектепке дейінгі ұйым жанындағы балалардың қысқа мерзімді болу топтары, баланы үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға медициналық-психологиялық-педагогикалық көмек беру орталықтары және т.б табысты дамуда. Пайда болған жаңа нысандар баланың дамуына белсенді ықпал етіп, отбасыларға мектепке дейінгі білім беру саласындағы мамандардың білікті көмегін алуға көмек беруге арналған. Осындай жаңа нысандардың бірі мектепке дейінгі ұйымның жанында консультациялық пункттер ұйымдастыру болып табылады. Консультациялық пункт ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін, отбасын және тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында құрылды. Консультациялық пункт ұйымдастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған.

Кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Өтілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Кеңес беру пунктіне баратын отбасылардың тізімін қалыптастыру.	МДҰ-ға бармаған отбасылар туралы ақпарат жинау	желтоқсан	Кеңес беру пунктінің жауапты мамандары
2.	2024-2025 оқу жылына арналған кеңес беру пункттің жылдық жұмыс жоспарын, мамандардың жұмыс кестесін бекіту.	Жұмыс кестесі.	желтоқсан	Кеңес беру пунктінің жауапты мамандары
3.	Ата-аналарға «ВКО ДДО кз» сайтына баланы кезекке қою, жолдаманы шығару бойынша	Кеңес беру	Жыл көлемінде	Кеңес беру пунктінің жауапты мамандары
4.	Танысу сұхбаты.	Ата-аналарға сауалнама	Жыл бойы	Кеңес беру пунктінің

		жүргізу		жауапты мамандары
5.	«Балалар мен ата-аналарға арналған үйдегі ойын бұрышы»	Кеңес	Желтоқсан	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
6.	«Бала тұлғасын қалыптастыруға ата-ана ұстанымдарының әсері»	Кеңес Қоршаған ортамен танысу бойынша	Қаңтар	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
7.	«Дене дамуында қозғалыс белсенділігінің рөлі және балалардың денсаулығы»	Кеңес	Жыл бойы	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
8.	«Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіндегі ойын-драматизация»	Драмалық ойындар туралы сұхбат	Қаңтар	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
9.	МДҰ мамандарының жеке жұмысы	Жеке кеңестер	Жыл бойы	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
10.	«Бала өміріндегі музыкалық ойын» ата-аналармен	Шебер - сынып	Ақпан	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
11.	«Отбасы денсаулығы үшін» ата-аналармен	Жеке кеңестер	Жыл бойы	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
12.	«Болады, болмайды, қажет»	Дөңгелек үстел	Ақпан	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
13.	«Менің балабақшада алғашқы серуенім»	Кеңес Сюжеттік серуен	Жыл бойы	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
14.	МДҰ мамандарының	Жеке кеңестер	Жыл бойы	Кеңес беру пунктiнiң

	жеке жұмысы			жауапты мамандары
15.	«Балалармен әңгімелесу» (балалармен әңгімені қалай дұрыс құру керек?)	Кеңес	Наурыз	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандар
16.	«Мектеп жасына дейiнгi балаларды кiтап оқумен қалай қызықтыру керек?»	Кеңес	Сәуiр	Кеңес беру пунктiнiң жауапты мамандары
17.	Жұмыстың нәтижелiлiгi туралы жылдық есеп	сауалнама	Мамыр	Әдiскер